

**Кентау орталық қалалық ауруханасының
жалпы жиналысының
№3 ХАТТАМАСЫ**

«20» тамыз 2024 жыл

Кентау қаласы

Төрағасы: Утебаев Асылбек Бакитбекович - Басшы
Хатшылықта: Иманкулов Талғат Султанбекұлы – заң кеңесшісі
Жиналысқа қатысушылар: Кентау ОҚА ұжымының қызметкерлері.

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселе:

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі» (2015 жылғы 18 қарашадағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңының 16-бабы);
«Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ереже» (ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы №112 бұйрығы);

Төрағалық етуші А.Б.Утебаев жиналысты ашық деп жариялап, күн тәртібіндегі қаралатын мәселе бойынша ақпарат беру үшін мекеменің заң кеңесшісі Т.С.Иманкуловқа сөз берді.

Баяндамашы Т.С.Иманкулов: Қазақстан Республикасындағы 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) 2023 жылы 31 наурыздағы №112 бұйрығымен бекітілген «Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі туралы»(бұдан әрі-ереже) негізінде, Кентау ОҚА басшысының 28.04.2023жылы №97 н/қ бұйрығымен ауруханамызда сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі құрылды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметін жүзеге асыру жұмысы мекеме заңгері Иманкулов Талғат Султанбековичке және мекеменің адами ресурстарды басқару бөлімінің маманы Ердесова Әлия Әсетуллаевнаға жүктелді. Сонымен қатар осы бұйрықпен кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі туралы ережесі бекітілді. Бұл құжаттар Кәсіпорынның Байқау кеңесінің 16.08.2023 жылғы № 03/23 санды отырысының шешімімен де бекітілді. Осыған орайда Иманкулов Т.С. комплеанс қызметінің атқаратын жұмысы мен міндеттері туралы айтып өтіп, толыққанды мәлімет берді.

Жиналыс соңында сыбайлас жемқорлыққа қатысты барлық мәселелер жан-жақты талқыланып, мекеме қызметкерлері тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауап берілді.

Жиналыс төрағасы А.Б.Утебаев жиналысты қорытындылады.

Жиналыс төрағасы:

Хатшы:



А.Б.Утебаев

Т.С.Иманкулов